

"Қазақстан Республикасының соттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 2581 заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қарашадағы N 2634 Заң күші бар жарлығы

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының соттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 2581 заң күші бар Жарлығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 6-бап мынадай редакцияда берілсін:

"6-бап.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы, Төралқасы, Төрағасы және шаруашылық істер жөніндегі алқасы, облыстық және Алматы қалалық соттарының төрағалары, осы соттардың шаруашылық істер жөніндегі алқалары Республиканың жаңа іс жүргізу заңдары қабылданғанға дейін Конституцияға, осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде "Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" және "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" заңдарын басшылыққа алады және тиісті сот сатыларының және Республиканың таратылған төрелік соттағы лауазымды адамдарының функцияларын жүзеге асырады. Жоғарғы Соттың шаруашылық істер жөніндегі алқаларының судьялары қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылау Жоғарғы Соттың шаруашылық істер жөніндегі алқасы үш судьясының құрамында алқалы түрде жүзеге асырылады".

2. Мынадай мазмұндағы 7,8-баптармен толықтырылсын.

"7-бап.

Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда Жоғарғы Сот Төрағасының міндетін оның уәкілдік беруімен Жоғарғы Сот алқасы төрағаларының бірі атқарады.

8-бап.

Республика Жоғарғы Соты алқасының Төрағасы:

1) Жоғарғы Соттың тиісті алқасына басшылықты жүзеге асырып, оның жұмысын ұйымдастырады;

2) қадағалау ретінде тексеру үшін, сондай-ақ сот практикасын зерделеу мен қорыту үшін істерді сұратып алдыртады;

3) тиісті алқаның жүргізуіне жататын істер бойынша Жоғарғы Соттың алқасына, Төралқасына немесе Пленумына қарсылық кіргізу туралы Жоғарғы Соттың Төрағасына ұсыныс енгізеді.

4) тиісті алқа мәжілістерінде төрағалық етеді;

5) сот статистикасын жүргізу, сот практикасын зерделеу,

Жоғарғы Сот Пленумының немесе Төралқасының қарауына материалдар дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) Жоғарғы Соттың Төралқасына Жоғарғы Соттың тиісті алқасының қызметі туралы есеп береді;

7) міндеттер бөлінісіне сәйкес Жоғарғы Сот аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына басшылықты жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

9) Республика Заң актілерімен өзіне берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады".

3. 7-бап 9-бап деп саналсын және мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап.

Осы Жарлық:

1) Республиканың сот жүйесі туралы конституциялық заң мен жаңа іс жүргізу заңдары қабылданғанға дейін қолданылады;

2) жарияланған күнінен бастап күшіне енеді".

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті